

**Колутон ауылының ЖОББ мектебінің
директор жанындағы кеңестің отырысы
ХАТТАМА**

Хаттаманың тіркеу нөмірі: № 3

Күні: 21 қараша 2025 ж.

Қатысқандар – 23 мұғалім (кітапханашы, шағын орталық тәрбиешісі)

Қатыспағандар - жоқ

Күн тәртібінде

1. Вариативті компоненті оқыту сапасы.
2. 9-10 сынып оқушылапының кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыстарының жай-күйі.
3. «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері», «Жолда жүру ережесі» оқу курстарын жүргізу.
4. Қазақ тілі және орыс тілі сабақтарында білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту (2-4 сыныптар).

Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова
тыңдалды: Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту сапасын арттыру – басты міндеттердің бірі. Осы тұрғыда оқу жоспарының вариативті компоненті білім алушылардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және болашақ кәсіби бағдарын ескеруге мүмкіндік беретін маңызды құрал болып табылады. Вариативті компонент білім мазмұнын байытып, оқушылардың шығармашылық және функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталады. Вариативті компоненттің мазмұны мен маңызы. Вариативті компонент оқу орнының ерекшелігіне, білім алушылардың сұранысына және қоғамның әлеуметтік-экономикалық талаптарына сәйкес құрастырылады. Оның негізгі мақсаты: оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру; жеке қабілеттерін дамыту; білімді өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; тереңдетілген және қолданбалы білім беру.

Вариативті компонент аясында факультативтер, таңдау курстары, үйірмелер, жобалық және зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Оқыту сапасының көрсеткіштері. Вариативті компонент бойынша оқыту сапасы келесі көрсеткіштер арқылы бағаланады: білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі; пәнге деген қызығушылық пен сабаққа қатысу белсенділігі; шығармашылық және зерттеушілік жұмыстардың нәтижелері; оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларының қалыптасуы; кері байланыс нәтижелері (сауалнама, бақылау, талдау).

Оқыту үдерісін ұйымдастыру. Вариативті компонентті іске асыру барысында оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері қолданылады: жобалық оқыту; деңгейлеп және саралап оқыту; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; топтық және жеке жұмыс түрлері. Бұл әдістер білім

алушылардың белсенділігін арттырып, оқу материалын терең меңгеруіне ықпал етеді.

2025-2026 оқу жылына арналған жоспар бойынша, вариативтік компоненттен: 1 «а» сыныпта «Шахмат негіздері» (1 сағат), 2 «а» сыныпта «Шахмат негіздері» (1 сағат), «Мәтін тану» (1 сағат), 2 «б» сыныпта «Шахмат негіздері» (1 сағат), 3 «а» сыныпта «Логика және математика» (1 сағат), 4 «а» сыныпта «Логика және математика» (1 сағат), Жаһандық құзыреттілік 5 «а» сынып, 6 «а» сынып, 7 «а» сынып, 8 «а» сынып, 5 «б» сынып, 6 «б» сынып, 7 «б» сынып, 8 «б» сынып (0,5 сағаттан), 9 «а» сынып, 9 «б» сынып (1 сағаттан), 10 «а» сыныпта: Жаһандық құзыреттілік (1 сағат), математикалық сауаттылық (1 сағат), Қазақстанның табиғи ресурстары (1 сағат), 11 «а» сыныпта Жаһандық құзыреттілік (1 сағат), математикалық сауаттылық (1 сағат), Қазақстанның табиғи ресурстары (1 сағат), 11 «б» сыныпта Жаһандық құзыреттілік (1 сағат), математикалық сауаттылық (1 сағат). Қорытындылай келе, вариативті компонент оқыту сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Ол білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ашып, олардың білімге деген ынтасын күшейтеді. Вариативті компонентті тиімді жоспарлау және жүйелі түрде жүзеге асыру – сапалы білім берудің кепілі. Алдағы уақытта вариативті курстардың мазмұнын жетілдіру, тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды көбейту оқыту сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші сұрақ бойынша кәсіптік бағдар беруші Г.Мухамеджанова тыңдалды: 9-10 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыстарының жай-күйі туралы баяндама берді. Қазіргі қоғам жағдайында білім алушыларды саналы түрде болашақ мамандық таңдауға бағыттау – білім беру ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Әсіресе 9–10 сынып оқушылары үшін кәсіптік бағдарлау жұмыстары өзекті, себебі бұл кезеңде олардың кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттері қалыптаса бастайды. Кәсіптік бағдарлау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері. 9–10 сынып оқушыларымен жүргізілетін кәсіптік бағдарлау жұмыстарының негізгі мақсаты – оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына жағдай жасау. Негізгі міндеттері: оқушыларды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру; кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау; мамандық таңдауда дұрыс бағыт-бағдар беру; өз мүмкіндіктерін бағалай білу дағдыларын қалыптастыру. Жүргізілген жұмыстардың мазмұны Кәсіптік бағдарлау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Атап айтқанда:

«Мамандықтар әлемі», «Менің болашақ мамандығым» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді; түрлі мамандық иелерімен кездесулер, кәсіби әңгімелер ұйымдастырылды; психологиялық диагностика (сауалнама, тестілеу) арқылы оқушылардың қызығушылықтары анықталды;

колледждер мен жоғары оқу орындарының өкілдерімен онлайн және офлайн кездесулер өткізілді; кәсіпорындар мен мекемелерге экскурсиялар ұйымдастырылды; ата-аналармен бірлескен кәсіптік бағдарлау жұмыстары жүргізілді. Кәсіптік бағдарлау жұмыстарының нәтижелері

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде: оқушылардың мамандықтарға деген қызығушылығы артты; 9–10 сынып оқушыларының көпшілігі болашақ кәсіби бағытын алдын ала айқындай бастады; оқушылардың өзін-өзі тану, шешім

қабылдау дағдылары қалыптаса бастады; ата-аналардың кәсіптік бағдарлау үдерісіне қатысу белсенділігі артты. Кездесетін мәселелер Сонымен қатар бірқатар мәселелер де анықталды: кейбір оқушылардың мамандық таңдауда нақты бағытының болмауы; еңбек нарығы туралы ақпараттың жеткіліксіздігі; ата-аналардың кей жағдайда баланын қызығушылығын ескермеуі. Қорытындылай келе, 9–10 сынып оқушыларымен жүргізілетін кәсіптік бағдарлау жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта: кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүйелі және мақсатты түрде жалғастыру; еңбек нарығына қатысты заманауи ақпаратты кеңінен пайдалану; тәжірибеге бағытталған іс-шараларды көбейту; психолог, сынып жетекші және ата-ана арасындағы байланысты күшейту ұсынылады. Бұл жұмыстар оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына оң ықпал етеді.

Үшінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды: «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері», «Жолда жүру ережесі» оқу курстарын жүргізу. Білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатында білім беру ұйымында «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» және «Жолда жүру ережесі» оқу курстары оқу жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілуде.

«Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы. «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының негізгі мақсаты – білім алушыларды төтенше жағдайларда, тұрмыста және қоғамдық орындарда қауіпсіз әрекет етуге үйрету, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Курстың мазмұны:

тұрмыстық және табиғи қауіп-қатерлер; өрт қауіпсіздігі ережелері; электр құралдарын қауіпсіз пайдалану; алғашқы медициналық көмек көрсету негіздері; төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет; терроризм мен экстремизмнің алдын алу; судағы және қыс мезгіліндегі қауіпсіздік.

Сабақтарда түсіндіру, практикалық тапсырмалар, бейнематериалдар, тренингтер және нұсқаулық сабақтар қолданылады.

«Жолда жүру ережесі» оқу курсы. «Жолда жүру ережесі» курсы білім алушылардың жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жолда қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

Курстың негізгі мазмұны: жаяу жүргіншілердің жолдағы міндеттері; жол белгілері мен жол таңбалары; бағдаршам сигналдары; велосипед және самокатпен жүру ережелері; қоғамдық көліктегі қауіпсіздік;

жол-көлік жарақаттануының алдын алу. Сабақ барысында көрнекі құралдар, макеттер, бейнероликтер, жағдаяттық тапсырмалар және практикалық жаттығулар пайдаланылады. Курстарды өткізу формалары оқу курстары:

сынып сағаттары; кіріктірілген сабақтар; тақырыптық апталықтар; қауіпсіздік күндері; ішкі істер органдары мен медицина қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер арқылы жүзеге асырылады. Курстарды жүйелі өткізу нәтижесінде: білім алушылардың қауіпсіздік ережелері бойынша білім деңгейі артты; төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдылары қалыптасты; жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша түсінігі кеңейді;

тәртіп бұзу және жарақат алу жағдайларының алдын алу жұмыстары күшейтілді. Қорытындылай келе, «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» және «Жолда жүру ережесі» оқу курстары білім алушылардың қауіпсіз өмір сүру

мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Аталған курстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастырып, практикалық бағыттағы іс-шараларды арттыру жоспарлануда.

Төртінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Қазақ тілі және орыс тілі сабақтарында білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту (2-4 сыныптар). Қазақ тілі және орыс тілі сабақтарында білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту мақсатында мына пән мұғалімдері: 2 «а» сыныпта қазақ тілінен бастауыш сынып мұғалім Ж.Досмағамбетова (педагог-сарапшы), 3 «а» сыныпта қазақ тілінен бастауыш сынып мұғалім Г.Хахтай (педагог-сарапшы), 4 «а» сыныпта қазақ тілінен бастауыш сынып мұғалім А.Шоқыбаева (педагог-зерттеуші), 2 «а» сыныпта қазақ тілінен бастауыш сынып мұғалім Ж.Досмағамбетова (педагог-сарапшы), 2 «б» сыныпта қазақ тілінен бастауыш сынып мұғалім С.Абдрахманова (педагог-сарапшы), 4 «б» сыныпта қазақ тілінен бастауыш сынып мұғалім С.Абдрахманова (педагог-сарапшы), 2 «а» сыныпта орыс тілінен бастауыш сынып мұғалім А.Жаканова (педагог-зерттеуші), 3 «а» сыныпта қазақ тілінен бастауыш сынып мұғалім А.Жаканова (педагог-зерттеуші). Бастауыш сынып кезеңі – білім алушылардың тілдік, танымдық және шығармашылық қабілеттері қалыптасатын маңызды кезең. Осыған байланысты 2–4 сыныптарда қазақ тілі және орыс тілі сабақтарында оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Оқыту үдерісі әр оқушының жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Жеке қабілеттерді дамыту мақсаты мен міндеттері. Негізгі мақсат – білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыра отырып, олардың жеке қабілеттерін ашу және дамыту. Міндеттері: оқушылардың ауызша және жазбаға сөйлеу дағдыларын дамыту; оқу, тыңдау, жазу және сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; шығармашылық ойлауын дамыту; өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету; білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру. Сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер Қазақ тілі және орыс тілі сабақтарында төмендегі тиімді әдістер қолданылады: деңгейлеп және саралап оқыту; ойын технологиялары (тілдік ойындар, рөлдік ойындар); жұптық және топтық жұмыс; шығармашылық тапсырмалар (әңгіме құрау, сурет бойынша жұмыс); көрнекілік және интерактивті әдістер; оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бағытталған тапсырмалар. Жеке қабілеттерді дамыту формалары Сабақ барысында: оқу қарқыны әртүрлі оқушыларға жеке тапсырмалар беріледі; қабілеті жоғары оқушылармен қосымша шығармашылық жұмыстар жүргізіледі; оқуға қиналатын білім алушылармен түзету жұмыстары ұйымдастырылады; қалыптастырушы бағалау арқылы әр оқушының жетістігі ескеріліп отырады. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде: білім алушылардың сөздік қоры молаяды; өз ойын жүйелі және сауатты жеткізу дағдылары қалыптасады; оқу белсенділігі мен пәнге қызығушылығы артады; шығармашылық қабілеттері мен өзіне деген сенімділігі нығаяды; жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Қорытындылай келе, 2–4 сыныптарда қазақ тілі және орыс тілі сабақтарында білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының тілдік

дамуын қамтамасыз етіп, олардың болашақтағы оқу жетістіктерінің негізін қалайды.

Шешім:

1-қолданбалы және практикалық бағыттағы тапсырмаларды көбейту;

-вариативті компонент бойынша мониторинг жүргізу (сауалнама, талдау);

-курстарды жүргізетін мұғалімдердің әдістемелік біліктілігін арттыру;

-пәндік үйірмелер мен факультативтердің нәтижесін жүйелі талдау;

-оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру;

2. -9–10 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жай-күйін жақсарту;

-кәсіптік бағдарлау жұмысын жүйелі жоспарға енгізу;

еңбек нарығына сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат беру;

колледждер мен ЖОО өкілдерімен тұрақты кездесулер ұйымдастыру;

психологтың қатысуымен кәсіби бейімдеу тесттерін өткізу;

ата-аналармен бірлескен кеңестер ұйымдастыру;

өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастыру.

3.- «Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері» және «Жолда жүру ережесі» курстарын тиімді жүргізу;

-қауіпсіздік тақырыптарын оқу жоспарына сәйкес жүйелі өткізу;

-практикалық сабақтар мен тренингтер ұйымдастыру;

-төтенше жағдайлар қызметі, медицина және полиция өкілдерімен кездесулер өткізу;

4.- Қазақ тілі және орыс тілі сабақтарында (2–4 сыныптар) білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту;

-тілдік ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды көбейту;

-оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу;

-жеке жұмыс пен қолдауды қажет ететін оқушылармен түзету сабақтарын ұйымдастыру;

-оқушылардың тілдік қабілеті дамыту;

- өз ойын еркін жеткізу дағдылары қалыптастыру.

Мектеп директордың қорытынды сөзі: Аталған бағыттар бойынша

жұмыстарды жоспарлы, жүйелі және нәтижеге бағыттап жүргізу оқыту

сапасын арттыруға, оқушылардың жеке дамуына және қауіпсіз білім беру

ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Төрайымы  А. Аксеитова

Хатшы  А. Нуртаева

